

**Педагогикалық кеңес
Хаттама №2**

Күні: 28. 11. 2025ж.

Тақырыбы: «МЖЖБ жеке қасиеттерін ескере отырып шығармашылық жаңа әдістр мен технологияларды, театр түрлерін қолдану арқылы дамыту»

Қатысушылар :

Балабақша директоры: *Д.Ирзабекова*

Тәрбиешілер саны : 4 адам

Пән мұғалімдері: 3

Барлығы: 8

Күн тәртібінде:

1. Кеңес: «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік театрлық іс-әрекеттері арқылы дамыту»
2. Баяндама: «Балабақша аясындағы театр-рухани тәрбиенің кайнар көзі»
3. Тренинг: «Маска»

Тыңдалды:

1.1.Бірінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері Д.Ирзабекова өз сөзінде мектеп жасына дейінгі кезең – баланың тілін, сөздік қорын, эмоциялық әлемін, қиялын, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда шешуші рөл атқаратын маңызды кезең. Театрлық іс-әрекет – балалардың тілдік қабілеттерін табиғи, қызықты және ойын арқылы дамытуға мүмкіндік беретін тиімді педагогикалық құрал. Театр ойыны баланың сөйлеуін белсендіреді, коммуникативтік дағдыларын жетілдіреді және өз ойын еркін жеткізуге көмектеседі. Тілдік-театрлық іс-әрекет – мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты дамуына ықпал ететін ең тиімді әдістердің бірі. Театрландырылған іс-әрекет арқылы бала сөйлеуге үйренеді, өзіне деген сенімін арттырады, шығармашылық қабілетін дамытады және қоғамда еркін қарым-қатынас жасай алатын тұлға ретінде қалыптасады.

Жарыс сөз

1.1.Балабақша тәрбиешісі Таменова Алмагул өз сөзінде, Театрлық іс-әрекетті ұйымдастыру кезеңдері **Дайындық кезеңі**

- Ертегіні немесе әдеби мәтінді таңдау;
- Кейіпкерлермен таныстыру;
- Мәтіндегі қиын сөздерді түсіндіру.

Рөлдерді бөлу

- Әр баланың қабілетіне байланысты рөлдер беру;
- Қорқақ немесе тұйық балаларға шағын, қысқа сөзді рөл беру.
- **Сахнаға дайындау**
 - Мимика, қимыл, интонацияны үйрету;
 - Қарапайым декорациялар дайындау;
 - Музыкалық сүйемелдеу таңдау.
- **Сахналау**
 - Балалар өзін еркін сезіну үшін ойын элементтерін біріктіру;
 - Қажет болса, тәрбиеші көмекші-режиссер рөлінде қатысады.
- **Қорытындылау**

- Балалардан әсерін сұрау;
- Қалай сөйлегенін талқылау;
- Жетістіктерін мадақтау. деп аяқтады

Тыңдалды

2.Екінші мәселе бойынша, балабақша тәрбиеші Ирзабекова Н. педагогтерге мектеп жасына дейінгі кезең – тұлғаның рухани әлемі қалыптасатын ең маңызды уақыт. Осы кезеңде баланың жүрегіне жақсылық, мейірім, адамгершілік, ізеттілік сияқты құндылықтарды дарытудың тиімді жолдарының бірі – театрлық іс-әрекет. Балабақшадағы театр – тек ойын әрі өнер ғана емес, ол баланың рухани дүниесін байытатын тәрбиенің қуатты құралы. Театр өнері арқылы бала әлемді көркемдік тұрғыдан қабылдауды үйренеді, адам бойындағы ізгі қасиеттерді таниды, оларды өз бойына сіңіреді деп баяндады.

Тыңдалды

3.Үшінші мәселе бойынша әдіскер Д.Ирзабекова «Маска» тренинг: Әдіскер қатысушыларға сұрақ қояды:

- Біз күнделікті қандай маска киеміз?
- Қандай кезде өзімізді шынайы көрсете алмаймыз?
- Басқалар бізді қалай көреді?

Қысқаша түсіндіру:

Маска – адамның қоғамға, жағдайға бейімделу үшін қолданатын мінез формасы. Бірақ ол кейде адамның ішкі әлемін жасыруы мүмкін.

Шешім

- 1.Д.Ирзабекова тарапынан берілген кеңес жұмыс барысында қолданылсын.
2. А. Тамснвананың баяндаған баяндамасы қанағаттандырылсын.
3. Балабақшада шынайылық, адамгершілік, сыйластық сақталсын

Төрайымы:
Хатшы:



Д.Ирзабекова
Г.Болатова

БЕКІТЕМІН:
«Аяжан» жекеменшік балабақша
директоры  **Ирзабекова Д.**



**Кенес тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін театрлық
іс-әрекеттер арқылы дамыту»
(педагогтерге арналған кеңес)**

Әдіскер: Ирзабекова Д.

2025-2026жж

Мақсаты: Театрлық іс-әрекеттер арқылы балалардың сөйлеу тілін, сөздік қорын, шығармашылық қабілетін және қарым-қатынас мәдениетін дамыту.

Кеңес мазмұны

Мектеп жасына дейінгі кезең – баланың тілінің қарқынды дамитын шағы. Осы кезеңде театрлық іс-әрекеттерді тиімді ұйымдастыру баланың сөздік қорын молайтып, байланыстырып сөйлеуін, дұрыс дыбыстауын және өз ойын еркін жеткізуін қалыптастырады.

Театрлық ойындар барысында балалар кейіпкерлердің рөлін сомдап, олардың көңіл күйін, мінезін дауыс ырғағы, қимыл-қозғалыс және мимика арқылы бейнелейді. Бұл олардың сөйлеу мәдениетін, есте сақтау қабілетін, қиялын, шығармашылық белсенділігін және коммуникативтік дағдыларын жетілдіреді.

Театрлық іс-әрекеттің түрлері

- Саусақ театры.
- Қуыршақ театры.
- Үстел үсті театры.
- Көлеңке театры.
- Маска театры.
- Драмалау және сахналау ойындары.

Педагогтарға ұсыныстар

- Балалардың жас ерекшелігіне сай ертегілер мен шағын шығармаларды таңдау.
- Балаларды еркін сөйлеуге, кейіпкердің сөзін мәнерлеп айтуға ынталандыру.
- Дауыс ырғағын, дикцияны және дұрыс дыбыстауды дамытуға арналған жаттығуларды жүйелі өткізу.
- Театр бұрышын қажетті атрибуттармен толықтыру.
- Әр баланың шығармашылық бастамасын қолдап, белсенді қатысуына мүмкіндік беру.
- Ата-аналарды театрландырылған іс-шараларға тарту.

Күтілетін нәтиже

- Балалардың сөздік қоры молаяды.
- Байланыстырып сөйлеу және әңгімелеу дағдылары қалыптасады.
- Дыбыстарды анық әрі дұрыс айтуы жақсарады.
- Шығармашылық ойлау қабілеті мен қиялы дамиды.
- Өзін еркін ұстап, көпшілік алдында сөйлеу сенімі артады.
- Қарым-қатынас мәдениеті мен бірлесіп әрекет ету дағдылары жетіледі.

Қорытынды

Театрлық іс-әрекет – мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың ең тиімді әдістерінің бірі. Ол баланың сөйлеу белсенділігін арттырып қана қоймай, эмоционалдық, танымдық және шығармашылық дамуына да оң әсер етеді. Сондықтан театр элементтерін күнделікті оқу-тәрбие үдерісінде жүйелі қолдану баланың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

БЕКІТЕМІН:
«Аяжан» жекеменшік балабақша
директоры  **Ирзабекова Д.**



Баяндама "Балабақшадағы театрлық Іс – Әрекет"

(педагогтерге арналған баяндама)

Әдіскер: Ирзабекова Д.

2025-2026жж

Мақсаты:

- Мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылығын театр түрлері арқылы дамытып, сөйлеу қабілеттерін жан - жақты жетілдіру;
- Қазақ тіліне деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Балалардың тілін, сөйлеу мәдениеті мен дүниетанымын дамыту.
- Балаларды адамгершілікке баулу.
- Баланың қиялын есте сақтауын шығармашылық қабілетін дамыту, ойдан аңгіме, ертегі шығарып айтуға дағдыландыру. Театрлық іс - әрекетті ертегілерді пайдалана отырып ойын дамыту.
- Баланың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына жағдай жасап, әр баланың жеке дара әртістік, шығармашылық қасиеттерін ескере отырып, өзін қоршаған ортаға, адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым - қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Білім мен тәрбие бастауын балалар балабақшадан алады. Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында мектепке дейінгі тәрбие саласы мамандарының алдында жан - жақты дамыған, сауатты, саналы, өзіндік орыны бар үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін азаматты тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Бүлдіршіндердің білімді, білікті, саналы болуында ойынның алатын орны ерекше.

Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ойынның ерекше маңызы бар: олар үшін ойын - оқу, олар үшін ойын - еңбек, олар үшін ойын - тәрбиенің маңызды түрі. Ойын - баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, танымдық қасиеттерін, зейінін, есте сақтау қабілетін, ауыз екі сөйлеу мәдениетін дамытады. Ойын - баланың өмірді танудағы алғашқы қадамы. Ойынның түрлері көп, қазақ тілін үйретуде театрландырылған ойындардың маңызы зор. Театрлық іс - әрекетте ертегілерді пайдалана отырып баланың ой - өрісін дамыту, сонымен бірге тыңдай білуге, есте сақтау, түсіну, рөлге бөліп, қазақша әдемі сөйлей білу мәнерін арттырамыз. Балаларға театр, әртістік өнер, сахналау, қойылым, сахна туралы түсінік беріп қызығушылығын оятамыз. Көріністерді өзара сөйлесу дағдыларын дамыта отырып, бүлдіршіндердің тілді меңгеруіне деген сүйіспеншілікті арттырамыз. Театр әр балаға қуаныш ұмтылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады. Әдетте адамның жеке басының қасиеттері бес жасқа дейін қалыптасады екен. Сондықтанда да баланың жан - жақты қалыптасуы үшін мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіре білу керек. Бала әр нәрсеге құмар, қызыққыш, ол өзінің айналасында болып жатқан өзгерісті, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады. Оның жан - жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, тілінің дамуын театрландырылған ойындар арқылы жетілдіруге болады.

Театрландырылған ойындар ойын - қойылымдары болып саналады, бұл жерде балаларға арналған көркемдік шығармаларды сахналық қойылымдарға айналдырып, оларды кейіпкер ретінде қатыстырудың маңызы зор. Баланы сахнада кейіпкер ретінде ойната отырып, оның жеке тұлғасын жан - жақты дамыту. Оның бойында әдебиетке, мәдениетке, өнерге деген құштарлықты ояту. Бүлдіршіндер сахнада шағын рөлдерде ойнау арқылы байланыстыра сөйлеуге, әдемі киініп, жинақы жүруге, үлкендермен және өзге де балалармен тіл табыса білуге үйренеді. Жетілген диалог балалардың өз пікірін жеткізе білуге жетелейді. Театрландырылған ойындар балалардың ой - өрісін кеңейтеді, балаларды аңгімеге араласуға, қойылым туралы ата - аналарына, жолдастарына аңгімелеп беруге итермелейді. Бұның бәрі сөйлеу қабілетінің дамуына, диалог түрінде сөйлеп жеткізуге септігін тигізеді.

Мектепке дейінгі жасөспірім баланы тәрбиелеу мен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде театр ерекше рөл атқарады. Ал, театрландырылған ойындарды балалар қызықтап ойнайды. Театрландырылған ойындар рөлдік ойындардың тек желісі ғана емес, сондай-ақ ойнау іс-әрекетінің сипатымен ерекшеленетіні айқындалған.

Ойын барысында ойын ситуациясына бейімделу, алғашқы да жекелеген элементтерді, кейінен рөлді толығымен ойнау арқылы баланың ой-өрісі, қиялы дамиды. Рөлді ойнау арқылы өз кейіпкерін алдына елестетіп қана қоймай, бала оның әрекеттерін, сезімдерін сезінеді. Осындай эмоциялық күйлер баланы бұрын байқамаған өмір көріністеріне таң қалдырып, өз сезімін мимика, ым-ишара, тағы басқа көріністер арқылы біреуге үйретеді.

Балабақшадағы театрландырылған іскерлік бағдарламасы бірнеше бөлімнен тұрады. Балаларға театр өнерінің шынайы сезімдерін меңгерту. Бөлімнің негізгі тақырыптары: театр өнерінің ерекшеліктері, театр өнерінің түрлері, қойылымның жасалуы, сыртқы және ішкі театр, көрермендер мәдениеттілігі.

Қойылыммен жұмыс – жанама бөлім, авторлық саханалауға негізделген. Оған кіретін тақырыптар.

-қойылыммен таныстыру

- қойылымды мазмұндап, талдау, кейіпкерлендіру.

-Қойылымға қажетті құралдар дайындау. Көріністі безендіру.

-Дайындық

Қойылымды саханалау.

Сол сияқты саусақтар ойын драматизациясы. Балалар атрибуттарды саусақтарына киіеді. Ертегінің мәтінін айта отырып саусақтарын қимылдатып сюжет жасайды. Көріністі ширманың сыртында тұрып, немесе топта еркін қозғала жүріп көрсетеді.

^ Балалар театрының бірнеше түрлері бар:

Ең көп тараған түрі :ойыншықтар театры -бұнда балалар қысқа тақпақтарды жаттап, оның өзіне тән орындау кезінен бастап-ақ кішкене көлемді спектакльдер ойнайды. Ондағы адамдар рөлін ойыншықтар орындайды.

^ Саусақ театрында– саусақтардың көмегімен қандайда болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын саханалау болып табылады. Саусақ театры арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс қимылына қарап, бала қуанады шаттанады, сөз айтуға тырысады және өлеңде үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары, төмен т.б. түсініктерді бағдарлай алуда үйренеді.

Үстел үстіндегі театры -Сәбилер тобынан бастап-ақ тақпақ пен қысқа өлеңдерді айтқызғанда көркем сөздер әсерлі естілу үшін стол үстіндегі театрды қолданған жөн. Мұнда үстелде құламай тұратын және қозғалтқанда еш кедергісіз жүретін ойыншықтар қолданылады

^ Суреттер (картиналар) театры -Декорация мен кейіпкердің – суреттері. Олардың әрекеттері шектелген. Ойнаушының дауыс ырғағы (интонация) арқылы кейіпкердің мінез-құлқы беріледі. Кейіпкер әрекет барысында пайда болады, балалардың қызығушылығын арттырады.

^ Кітапша театры - Бірін-бірі ауыстыратын иллюстрациялық оқиғалар көрсетіледі. Стенд-кітапшаның беттерін ашу арқылы жүргізуші әр түрлі сюжеттерді көрсетеді (оқиғалар, кездесулер).

^ Фланелеграф театры - Суреттер мен кейіпкерлер экранда көрсетіледі. Оларды фланельдер ұстап тұрады. Мұндағы суреттерді балалар мен бірге ескі кітаптардан, журналдардан қиып алуға болады.

Бұл көріністер балалардың шығармашылықтарын арттырады, ой өрістері дамытады.

Ертегілерді оқу және оны бірігіп талдау. Бастапқыда мен ертегіге әңгіме өткіземін. Ондағы кейіпкерлердің эмоциясымен және сезімдерімен таныстырамын, одан кейін әр түрлі мінез-

құлықтары бар бейнелерді бөліп алуға және олардың біреуінің орынына өздерін қоюы туралы айтамын. Өздерін көру үшін айна қолданылады.

Театрландырылған ойынды басқару негізіне әдеби шығармашылық мәтінмен жұмыс істеу жатады. Мәтінді оқығанда әдеби тілмен анық, мәнерлеп оқу керек.

Театрландырылған ойынға қызығушылықтарын қалыптастыруға қуыршақ татрының қойылымын көру көмектеседі. Оны өзін көрсетемін немесе дайындық топ балалары көрсетеді. Қуыршақ театры күнделікті ұйымдастырылған оқу іс- әрекетінде балаларды мадақтау, мақтау үшін, олармен амандасып, қоштасу үшін қолданылады.

Мен біртіндеп ойындарды кеңейтемін, драматтизация ойынның әр түрлігін меңгеру арқылы, балаларды қатыстыра отырып ойын тапсырмаларын біртіндеп қиындата түсемін.

Адамдар, жануарлар және құстардың әрекеттерін ойын арқылы келтіру. Адамның негізгі эмоциясы (күн көрінді – балалар қуанады, күледі, алақандарын соғады, орындарында секіреді)

Кейіпкердің эмоциясын біреу арқылы іс- әрекеттің бірізділікпен байланысындағы ойын- әрекеті.

Жақсы таныс ертегілер кейіпкерлерінің бейнесіндегі ойын - әрекеті.

Музыкалық ойын- әрекеті.

Тәрбиешінің оқуы арқылы бір кейіпкермен мәтіндегі өлең арқылы ойын - әрекеті.

Қысқа ертегі, әңгіме, өлеңдердің мәтінін тәрбиешінің айтылуымен қойылатын ойын - әрекеті.

БЕКІТЕМІН:
«Аяжан» жекеменшік балабақша
директоры  **Ирзабекова Д.**



Тренинг: «Маска»

(педагогтерге арналған тренинг)

Әдіскер: Ирзабекова Д.

2025-2026жж

Мақсаты: Педагогтердің (немесе ата-аналардың) эмоцияларды тану, оларды дұрыс жеткізу, шығармашылық қабілетін және қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

Қатысушылар: Педагогтер, ата-аналар немесе балалар (жасына қарай бейімдеуге болады).

Қажетті құралдар: Ақ қағаздан жасалған маскалар немесе маска үлгілері, түрлі-түсті қарындаштар, фломастерлер, қайшы, резенке таспа.

Тренинг барысы

1. Шаттық шеңбері (3–5 минут)

Қатысушылар бір-біріне жылы лебіздерін айтып, жағымды көңіл күй қалыптастырады.

2. «Өз маскаңды жаса» (10–15 минут)

Әр қатысушы өз көңіл күйін немесе мінез ерекшелігін бейнелейтін масканы безендіреді. Маскада қуаныш, мейірімділік, сабырлылық, батылдық сияқты қасиеттерді көрсетуге болады.

3. «Масканы сөйлет» (10 минут)

Қатысушылар маскаларын киіп, өздерін сол кейіпкер ретінде таныстырады:

- Менің атым...
- Менің жақсы қасиетім...
- Мен адамдарға...
- Менің тілегім...

4. «Кімнің эмоциясы?» ойыны (10 минут)

Жүргізуші түрлі эмоцияларды атайды (қуаныш, таңдану, қорқыныш, ренжу, ашу, мақтаныш). Қатысушылар маска арқылы бет-әлпет, қимыл және дауыс ырғағымен сол эмоцияны көрсетеді. Қалғандары эмоцияны табады.

5. Рефлексия (5 минут)

Қатысушылар келесі сұрақтарға жауап береді:

- Тренингтен қандай әсер алдыңыз?
- Қандай тапсырма қызықты болды?
- Бүгін өзіңіз туралы қандай жаңалық байқадыңыз?

Күтілетін нәтиже

- Эмоцияларды тану және білдіру дағдылары дамиды.
- Қарым-қатынас мәдениеті жетіледі.
- Шығармашылық белсенділік артады.
- Өз ойын еркін жеткізуге деген сенімділік қалыптасады.
- Ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптасады.

Қорытынды:

«Маска» тренингі қатысушылардың эмоциялық мәдениетін, шығармашылық қабілетін және өзара түсіністігін дамытуға ықпал етеді. Тренинг барысында қалыптасқан жағымды көңіл күй мен ашық қарым-қатынас ұжымдық ынтымақтастықты нығайтады.